«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____А.А.Кулбаев
«____» _____2025 ж

«Жаңа жыл - жыл басы» атты қала әкімнің жаңа жылдық іс – шарасы (Жаңа жылдық қойылым)

Жаңа жылдық шоу программаның
СЦЕНАРИІ

31 декабря 2025г. Набережная 15 мкр.
«Амфитеатр»

Фоновая музыка ойнап тұр, қонақтар жиналуда. Сахнаның ортасына LED-экран орнатылған, онда концерттік нөмірлерге арналған тақырыптық бейнесүйемелдеу көрсетіліп жатыр.

Кейіпкерлер – Аяз ата, Ақша қар, Жылан, Жылқы, Шоумен.

Жаңа жылдық фанфарлар.
Интро. Жаңа жылдық номер.
Номер аяқталған соң сахнаға жүргізуші рөліндегі әртіс – (конферансье – Шоумэн) немесе ертегілік кейіпкер шығады.

Жүргізуші: Сәлем баршаңызға, достар! Осындай тамаша себеппен сіздерді көру қандай қуаныш! Көңіл-күйлеріңіз қалай? Жаңа жылдық па? Келісесіздер ғой, бізді дәл Жаңа жыл мерекесіндей бір қуаныш пен шаттыққа біріктіретін мереке көп емес! Жақындарыңызға сыйлықтарыңызды дайындап қойдыңыздар ма? Ал Аяз атаға хат жаздыңыздар ма? Онымен кездесуді асыға күтіп жүрсіздер ме? Онда бәріміз бірге ән салып, би билеп, көңіл көтерейік. Біздің жаңа жылдық думанды естіп, Аяз ата міндетті түрде осы мерекеге келеді!

КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА

Сахнаға «Жылан» кейіпкері шығады: Сәлеметсіздер ме, достар! Жаңа жылдық ғажайыпты күткен сәтте адамдардың жүздері еріксіз мейірімдірек болып, ойлары нұрланып, жүректері мереке ырғағымен бірге соғады! Міне, менің жылым да зулап өтті, енді өзімнің патшалық өкілеттігімді тапсырып, Отты Жылқы жылына орын беретін уақыт келді!

Бұл жыл көпшілік үшін сәтті де берекелі жыл болады деп үміттенемін! Ал Жаңа жыл қандай болмақ, оның басты сиқыршылары – Аяз ата мен Ақшақарсыз? Олармен кездесуді асыға күтіп отырсыздар ма? Қуантайын, ол сәт жақын арада орын алады, ал әзірге сіздерге музыкалық сый!

КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА

Сахнаға жүргізуші мен Жылан шығады.

Кейіпкер: Керемет көңіл көтердік, достар! Сендер бұл мерекеде жарадыңдар! Аяз ата да қазір жақын жерде. Кәне, бәріміз бірге Аяз Ата мен оның немересі Ақшақарды дауыстап шақырайық!

Аниматорлар көрермендерді жігерлендіріп, Жаңа жылдың басты сиқыршыларын бар дауыспен шақыруға үндейді. Жаңа жылдық фанфарлар ойнайды. Сахнада Аяз ата мен Ақшақар пайда болады.

Жылан: Қайырлы күн, біздің сүйікті де көптен күткен қонақтарымыз – Аяз ата мен Ақшақар! Сіздермен қайта қауышқанымызға өте қуаныштымыз!

Аяз ата: Қайырлы күн, менің сүйікті достарым! Жаңа жылыңызбен, келе жатқан мерекелеріңізбен құттықтаймын! Біз сіздерге асығып жеттік! Ескі жылды шығарып салып, Жаңа жылды қарсы алу дәстүрге айналды, әсіресе осы әсем жағалауда, достар мен таныстардың ортасында. Келе жатырған Жаңа жыл құтты болсын!

Ақшақар: Сәлеметсіздер ме, балалар мен ата-аналар! Сіздермен қауышқанымызға өте қуаныштымыз! Өйткені есік қағып тұрған – ең сиқырлы, бала күннен барлығымыз сүйіп күткен мереке – Жаңа жыл!

Аяз ата: Ескі жылды шығарып салмай, Жаңа жылды қарсы алуға болмайды. 2025 жыл біз үшін ерекше жыл болды! Біздің сүйікті Ақтау қаласы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» атанып, түрлі елдерден келген сансыз қонақтарды құшақ жая қарсы алды. Бұл оқиға дәстүрлер мен мәдениеттер тоғысқан, алмасқан алуан түсті тарихи кітапқа айналды!

Ақшақар: Келе жатырған мерекелеріңізбен құттықтаймыз, балалар мен ересектер! Жаңа жыл түрлі-түсті отшашудай жарқын, көңілді әрі шаттыққа толы болсын! Біз де құр алақан келген жоқпыз. Сіздер үшін – тамаша музыкалық сыйлығымыз бар!

КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА

Жылан: Аяз ата, Ақшақар, рас па, жаңа жыл түнінде сағат соққан сәтте тілек тілесең, ол міндетті түрде орындалады дейді?

Аяз ата: Әрине рас. Өйткені Жаңа жыл – кереметтер мезгілі! Ал сен қандай тілек тілегелі жатырсың?

Жылан: Мен көп ойландым! Ең басты тілегім – келер жылы жер бетіндегі барлық адамдардың денсаулығы мықты болып, аспанымыз әрқашан ашық болып, әлемде бейбітшілік пен жарқыраған күн нұры орнасын!

Ақшақар: Шын жүректен тілейміз, бұл жыл тек жақсы жаңалықтарға, мықты денсаулық пен шексіз бақытқа толы жыл болсын!

Жылан: Бүгін қандай керемет күн! Бәріміздің мақсатымыз бір – алдағы жылға мол қуат пен жақсы көңіл күй алу! Ескі жыл өткен қиындықтардың бәрін өзімен бірге алып кетсін, ал Жаңа жыл қуаныш пен береке сыйласын!

Аяз ата: Жақында-ақ сол бір сәт те келеді – мерекелік қақпалар ашылып, әрқайсымыз үшін Жаңа жылға және жаңа жолға бастар уақыт тумақ!

Ақшақар: Жаңа жыл – шыршаның иісі мен аяздың тынысын сездірген, хлопушкалардың дыбысы мен мандариннің дәміне толы тамаша ертегідей мереке. Жаңа жылдағы әр күніңіз дәл жаңа жыл түні секілді жарқын да шаттыққа толы болсын! Қиындықтар алақандағы қардай өздігінен еріп кетсін.

Жылан: Достар, мереке одан әрі қызықты болу үшін сіздерге Жаңа жылдық викторина дайындадық. Шарты өте қарапайым – біз сұрақ қоямыз, сіздер жауап бересіздер. Кім бірінші дұрыс жауап берсе – сол жаңа жылдық сыйлыққа ие болады!

Викторина сұрақтары

1. Жаңа жыл түні Аяз ата шыршаның астына әдетте не қояды? *(Сыйлықтар)*
   Что обычно складывает Дед Мороз в Новогоднюю ночь по елку *(подарки)*
2. Қай ертегі кейіпкеріне күннің көзіне шығуға болмайды? *(Ақшақар)*
   Какой сказочной героине нельзя находиться на солнце? *(Снегурочке.)*
3. Қыс мезгілінің ақ әрі үлпілдек символы не? *(Қар)*
   Белый и пушистый символ зимы *(снег)*
4. Жылына бір рет әдемі киінетін қандай сұлу бар? *(Жаңа жылдық шырша)*
   Какая красавица раз в году наряжается? *(Новогодняя ёлка.)*
5. Қардан қандай мүсіндер жасауға болады? *(Аққала)*
   Какие скульптуры можно изготовить из снега *(снеговик, ледяная горка)*
6. Келер жылдың символы қандай жануар? *(Жылқы)*
   Каким будет символ наступающего года *(Лошадь)*

7. Жаңа жылдық шырша айналасында биленетін би қалай аталады? *(Хоровод / Шырша айналып билеу)*
Как называется танец возле новогодней елки *(хоровод)*

8. Минус белгісімен болатын ауа райы қалай аталады? *(Аяз)*
Погода со знаком минус – это… Что? *(Мороз.)*

9. Салқын, тәтті, сүттен жасалған тағам қалай аталады? *(Балмұздақ)*
Холодное сладкое молочное лакомство – это… Что? *(Мороженое.)*

10. Балалардың ең сүйікті қысқы ойыны қандай?*(Қар атысу)*
Самая любимая зимняя забава ребят *(игра в снежки)*

11. Жыл сайын Жаңа жыл түні бүкіл ел тұрғындарын теледидардан кім құттықтайды? *(Президент)*
Кто ежегодно в новогоднюю ночь поздравляет всех жителей страны с телеэкранов (Президент)

12. Ішінде «жаңа жыл», «шырша», «қыс», «аяз», «қар» сияқты сөздер кездесетін әндерді атаңыз. *(Бұл сұрақты жеке ойын ретінде қолдануға болады.)*
Назовите песни, где встречаются слова – новый год, елочка, зима, мороз, снег и. т. п - ВАРИАНТ этого вопроса можно использовать как отдельную игру.

Аниматорлар дұрыс жауап берген қатысушыларға сыйлықтар таратуда жүргізушілерге – кейіпкерлерге көмектеседі.

КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА

Аяз ата: Жаңа жылда құттықтаулар алу қандай тамаша! Қазір бізді еліміздің ең басты сиқыршысы құттықтайды! Экранға назар аударайық, достар!

Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жаңа жылдық құттықтауы – LED-экранда тікелей көрсетілім

Аяз ата: Жаңа жылда әрқайсыңызға шабыт үміт пен жарқын болашаққа деген сенім сыйласын. Өмірдің әр жаңа минуты бұрынғыдан да жарқын, шаттыққа толы болғай!

Ақшақар: Жаңа жыл – Аяз атаның сиқырлы мерекесі! Ол бізге бала күнімізден тілектерімізді орындап келеді, себебі біз оған сенеміз. Ең бастысы – ертегіге сену, сонда ертегі өмірімізге өзі келеді! Келер жылы сіздердің ең асыл армандарыңыз орындалсын!

Жылан: Ал енді 2026 жылдың билік символы – Отты Жылқыны сахнаға шақырып, оған тақ (тәж) табыстайтын уақыт келді!

Сахнаға Отты Жылқы кейіпкері шығады. Жаңа жылдық салтанатты фанфарлар ойнайды. Жылан жаңа билеушіге тәжді табыстайды.

Аяз ата: Ауада нағыз Жаңа жылдың сиқыры қалықтап тұр! Сол сиқырды жүрекпен сезініп, айналаңдағы барлық адамдарға жүрек жылуыңды сыйла. Сонда ең асыл тілектерің орындалып, мерекелік көңіл күй бір жыл бойы қасыңда сақталады!

Ақшақар: Бәріміз де Жаңа жылдан тек жақсылық күтеміз, өйткені ол алдыңғы жылдан да сәтті, қуанышты болуға тиіс.

КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА

Аяз ата: Осы ертегідей түнде тілек тілегім келеді: сағат соққанда айтылған барлық тілектер міндетті түрде орындалсын. Қиындықтар мен ауыртпашылықтар сіздерге және жақындарыңызға тимесін, ал үйіңіз бақыт пен шынайы күлкіге толсын.

Ақшақар: Бақыт – сиқырлы қар түйірі сияқты алақаныңызға түсіп, ешқашан ерімесін! Кереметке сеніңіз, жүрегіңізді ашыңыз – сонда Жаңа жыл армандарыңызды жүзеге асыруға көмектеседі!

Барлығы бірге: Жаңа жылдарыңызбен, достар!!!!

Финалдық номер.